

**2015 жылғы 16 ақпанда Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінде «Қазақстан Республикасы сыртқы
саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын
іске асыру туралы» тақырыбында өткен Үкімет сағатының
нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫМДАР**

**Қазақстан Республикасының Үкіметіне мыналар
ұсынылады:**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мемлекеттік органдардың халықаралық қызметінде қол қойылған және күшіне енбеген халықаралық шарттар бойынша мемлекетішілік рәсімдерді уақтылы жүргізу жөніндегі үйлестіруші рөлі күшейтілсін.
2. Орталық мемлекеттік органдардың халықаралық шарттарды әзірлеу сапасына жауапкершілігін күшейту жөніндегі шаралар қабылдансын.
3. Халықаралық шарттарды жасаудың ағымдағы және перспективалық жоспарларының орындалуын бақылауды күшейту жөніндегі шаралар қабылдансын.
4. Орталық мемлекеттік органдардың халықаралық шарттардың қазақ тіліндегі мәтіндерін дайындауының сапасын арттыру жөніндегі жұмысы жалғастырылсын.
5. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының электрондық базасын құру жұмысы аяқталсын.
6. Қазақстан Республикасы шетелдік мекемелерінің шет елдердегі қазақ диаспорасын туған тілді, мәдениетті және ұлттық дәстүрді сақтау мен дамыту, оның тарихи Отанымен байланысын күшейту мәселелерінде қолдау жөніндегі жұмысы жандандырылсын.

7. Парламенттік дипломатияны дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған жол картасының жобасын дайындау ұсынылсын.

8. Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында парламенттік дипломатияны жандандыру жөніндегі бірқатар бастамалар мен бірлескен іс-шаралар әзірленсін.

9. Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің экономикаларына әлемдік нарықтардағы конъюнктуралардың өзгеруінен келетін теріс әсерлерді жою бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдермен тұрақты өзара іс-қимыл жасалсын.

10. Дамуға ресми көмек саласындағы міндеттерді кезең-кезеңмен іске асыру жөніндегі шаралар қабылдансын.

11. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеу шеңберінде шет елдердегі мақсатты ақпараттық қызмет жандандырылсын.

12. Шет елдердің оқу орындарында оқитын Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде міндетті түрде тіркелуінің мақсатқа сай болуы мәселесі пысықталсын.